




ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС ПЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАНАЛЫҚ ИЕСІ

Кулжагарова Базаргүл Табылғанқызы

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің доценті

«Жақсылық айтқанға – құрмет, есіміне – даңқ» демекші, халқымыз өнегелі адамдарды әрдайым ардақтап, олардың қабілеттері мен дарындарын ұрпаққа үлгі етіп көкірегі ояу, рухы биік, жүрегі таза тұлғаларды қашанда қолдап, мерейін арттырып отыруға игі ықпал еткен.

Осындай жаны жайсаң, көңілі ашық, білім саласында аянбай еңбек етіп, ерекше сымбатымен, білімімен қызмет ортасына сыйлы, мейірімді де қайырымды жан – Кошанова Гулаш Рахметқызы.



Мерейлі жетістігі бар маңызды жұмыстар атқарған осындай адаммен кездестірген тағдырға ризашылығымды білдіремін.

Гулаш Рахметқызы 1983 жылы М. Горький атындағы Түркімен мемлекеттік университетінің математика факультетінің «математика» мамандығын үздік бітіргеннен бастап бүгінгі күнге дейін білім саласында үзбей еңбек етіп келеді.

Ол еңбек жолын Красноводск қаласындағы аудандық білім беру басқармасының әдіскері, орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Ақтау қаласындағы филиалында жоғары математикадан аға оқытушысы, М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Ақтау қаласындағы филиалында кафедра доценті, кафедра меңгерушісі және 2008 жылдан бастап Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде «Жоғары математика» кафедрасында доценті, 2013-2016 жылдары



«Жаратылыстану ғылыми пәндер» кафедрасының меңгерушісі, 2016 жылдан осы күнге кейін «Іргелі ғылымдар» кафедрасының профессоры қызметін атқарып келеді.

2004 жылы «Математиканы оқыту барысында оқушылардың экономикалық ойлауын қалыптастыру» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты атанып, ал 2008 жылы ол ЖАК доценті ғылыми атағын алды.

Коцанова Гулаш Рахметқызы – барды бағалап, айналасындағы жандармен қарым-қатынасында да жоғары адамгершілік көрсете білетін, өз жұмысына, бала тәрбиесіне жаны ашып, асқан жауапкершілікпен қарай білетін, адал да шынайы, өз ісіне жауапты ұстаздардың бірі.

Берекелі еңбегінің арқасында ғылыми-педагогикалық қызметте қол жеткен табыстары ҚР БЖҒМ тарапынан бағаланып, Гулаш Рахметқызы жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин» төс белгісімен және Маңғыстау облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, алғыс хаттарымен марапатталды. Қазіргі таңда қызмет етіп жүрген жоғарғы оқу орнының 2012-2013 оқу жылының қорытындысы бойынша үздік оқытушысы атанды.

Ұстаздардың ұстазы болған Г. Коцанова өзінің өнегелі ғұмырында мол асуларды алды. Осындай дәрежелер мен құрметтерге ие болуы тек өз білімі мен беделінің және айналасына деген жылы лебізі мен қамқорлығының нәтижелері деп білемін.

2013 жылы «Болашақ» стипендиясының иегері атанып, Москва қаласында Ресей Білім беру академиясында ғылыми тағлымдамадан өтіп келді.

Оның 100-ге жуық ғылыми мақалалары мен баяндама мәтіндері ЖАК бекіткен басылымдарда және республикалық, халықаралық ғылыми басылымдарда, конференциялар жинақтарында жарияланды. ҚР БЖҒМ бекіткен бірнеше авторлық оқу құралдарының мен ғылыми жинақтардың авторы.

Бірнеше ғылыми әдістемелік шараларға және біліктілігін арттыру курсына қатысып сертификаттарға ие болды, соның ішінде:

- Астана қаласында өткен «PISA халықаралық зерттеуі» атты курсы;
- Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың денгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту курсы;
- Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамына арналған «Орта білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұнының бағдарламасы бойынша оқыту» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы.



2017-18 және 2018-19 оқу жылдары білім саласына енген озық технологиялардың болашақ мұғалімдердің ойлану стилі мен әдістемесіне біршама өзгерістер әкелетіндігін мықтап ескерген университет басшылығымен университетіміздің үздіксіз білім беру институты жанында оның жетекшілігімен «Педагогика» факультетінің бітіруші курс студенттеріне арналған «Жаңартылған білім мазмұны» негізінде қосымша білім беру бағыты бойынша курс ұйымдастырды.

Сонымен қатар, профессор оқытушылар құрамына «Бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламаларын қалыптастыру, жаңарту және жетілдіру» және университет жанындағы колледж оқытушыларына «Жаңартылған білім беру мазмұны негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жаңарту және жетілдіру» тақырыптары бойынша біліктілік арттыру курстарын ұйымдастырды.

Гулаш Рахметқызы соңғы 3 жыл бойы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің физика-математика факультетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шақырылып, бМ010900-Математика мамандығы магистранттарына, 5В010900-Математика мамандығы студенттеріне «Бағалаудың өлшемдік технологиялары», «Математиканы оқытудағы инновациялық технологиялар», «Орта мектептердегі бейіндік кластарда математиканы оқытудың әдістемесі» пәндерінен дәрістер оқыйды.

Кафедра профессоры Гулаш Рахметқызы дайындаған түлектері биіктерден көрініп, өмірден өз орындарын табуына, нәтижелі еңбек белесін бағындыруға берекелі білікпен білім беруге жұмыстанып келеді.



Г.Р. Кошанова математика пәні бойынша студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулып, ғылыми мақалалар мен жобалар бойынша жетекшілік етіп,



олимпиада жеңімпаздарын дайындауды басшылық қызметтің қай саласында болса да тоқтатып көрген емес. Оның жетекшілігімен математика мамандығының студенттері:

- 2011, 2012, 2013 жылдары (Смаков Самат, Бердиханова Даметкен) Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің математика мамандығы бойынша Республикалық пәндік олимпиадасына қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

- 2014 жылы Республикалық ЖОО студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауында математика мамандығының студенті Кулболдин Данияр 2 дәрежелі дипломмен марапатталды.

- 2018 жылы математика мамандығының студенті Ахмеджан Диас «Өмірдегі математикалық заңдылықтар» атты тақырыппен қатысып, еліміздің 13 жоғары оқу орнынан қатысқан 34 жұмыс арасынан I орынға ие болды.

- 2019 жылы Ақтөбе қаласындағы «Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» ұйымдастырған «Жаратылыстану-математика ғылымдарындағы IT-технологиялар мен робот техникасының заманауи ғылыми әлемі» тақырыбындағы студенттерге және жас зерттеушілерге арналған I Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына өз жобаларымен қатысып, студенттер (Сәбит М., Атадусова А., Курбанова М., Ахмеджан Д., Кенжағарин Н.) II және III орындарға.

- 2019 жылы Павлодар қаласындағы «Қазіргі заманғы ғылым: өзгеріске басқан қадам» атты V Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына өз жобаларымен қатысып, студенттер (Атадусова А., Курбанова М., Базарбаева А., Тулегенова С., Ерке Үміт) жүлделі орындарға ие болып, «Дарын» төс белгілермен, дипломдармен марапатталды.

- 2021 жылы республикалық студенттік олимпиадаға қатысып командалық және жеке жүлделі орындар алды (Кубейев Б., Құрман Е., Еламан Б.).

- 2021 жылы математика мамандығының магистранты Аленова С. республикалық магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша 2-орын иеленді.

- 2022 жылы математика мамандығының магистранты Ауданев М. республикалық магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша 1-орын иеленді.

- 2023 жылдан бері Маңғыстау облысы бойынша математика мұғалімдерінің тренері.

- Университеттер арасындағы жасалған меморандум аясында ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша Алматы, Түркістан,



Орал, Атырау, Ақтөбе қалаларында және 2024 жылдан бері Азербайжан және Өзбекстан елдерінде болып қайтты.



- Осы оқу жылынан бастап «Дарынды балаларды оқытудағы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында білім бері бағдарламалары жасақталып, ресми тіркеуден өтіп, оны университет қабырғасында өткізуге мүмкіндік алынды.

Г.Р. Кощанова соңғы жылдары бойы университет ПОҚ рейтингі бойынша жоғары балл алып, алдыңғы орындардан көрінді.

Г.Р. Кощанова университет қабырғасында білімалушыларға, семинарына қатысушыларға сабағын заманауи цифрлық технологияларды пайдалана отырып, терең меңгеріп, тиімді түрде үйрету мәселесін тұрақты негізде қолға алуда.

Бақытын еңбектен таба білген ұстаз отбасылық өмірде де бақытты: адал жар, аяулы ана, ардақты әже. Бар байлығы: Әлібек, Әділбек атты ұлдары, Венера атты бір қызы – барлығы да жоғары білім алып, алған мамандықтары бойынша қызмет жасауда. Ұлы Әлібек Асқарұлы Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетін мұнай мамандығын бітіріп, «West Oil and Gas Equipment Service» ЖШС мекемесінде, ал екінші ұлы Әділбек Асқарұлы Алматы қаласында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің құқықтану факультетін бітіріп, өз саласы бойынша анықтаушы-тергеуші қызметін атқарады. Қызы Венера ана жолын қуған оқытушы,



математик, Алматы қаласындағы әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультетін, одан кейін магистратураны бітіріп, аталған университетте «Іргелі ғылымдар» кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарады.

Бергені мол, тәжірибелі ұстаз бүгінде студенттер мен мектеп мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетін дамытуға айтарлықтай үлес қосып келеді. Құрметті Гулаш Рахметқызы, денсаулығыңыз мықты, еңбегіңіз бағаланып, табыстарыңыз мол болсын деп тілейміз.

